



№7(181), 2023
(Шілде-Июль)

МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯ ПСИХОЛОГИЯ В ШКОЛЕ

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.

Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках
2011 жылдан бастап ай сайын шығады – С 2011 года выходит ежемесячно

(Республикалық ғылыми-теориялық және қолданбалы журнал – Республиканский научно-теоретический и прикладной журнал)

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Д. ЕРМЕКБАЕВА

Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалдық
дағдыларын қалыптастыру жолдары.....3

Ұ. КАЙНАЗАРОВА

Жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті мінез-құлық
мәселелері.....6

А. ЛЕПЕСОВА

Бастауыш сынып оқушыларының психологиялық
ерекшеліктері11

Ж. СТАМБЕКОВА

Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін
қалыптастыру.....12

А. БЕРИККЫЗЫ

Девиантное поведение школьника как следствие
неблагополучия в семье.....16

О. СИЗОНЕНКО

Трудные дети20

Ж. ДОСЫМАНОВА

Жизнь без конфликтов.....24

А. ТҰРАБАЙҚЫЗЫ

Оқушыларға арналған психологиялық тренинг.....30

А. ШАДМАНОВА

Оқушылардың мінез бітістерін анықтау33

Т. САТЫМБЕКОВА

Жоғары сынып оқушыларының мамандық таңдауына
арналған жаттығулар.....36

Г. ТОКСАНОВА

Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын
дамыту жолдары.....41

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор –

Ақнұр ОЛЖАЕВА

Ғылыми редактор –

М. АХМЕТОВА

20. 05. 2010 ж.
ҚР Байланыс
және ақпарат
министрлігінде
қайта тіркеліп, №10964-Ж
күелігі берілді.

Басылым индексі: 75487

Басуға қол қойылды

31. 07. 2023 ж.

Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 320.

Редакцияның

мекен-жайы:

050036, Алматы қаласы,

Мамыр-2 ы/а, 13-7.

Тел/факс:

8 (727) 255-72-94.

Ұялы тел: 8 777 194 94 58,

8 777 303 37 67.

Эл. пошта:

pedagog-ltd@mail. ru

Журнал <<Print
House GERONA>>

типографиясында
басылды.

Алматы қаласы, Сәтбаев
көшесі 30А/3, 124.

Көркемдеуші және

беттеуші:

Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

М. Ахметова – редакция алқасының төрағасы, психол. ғ. д., проф.
(Алматы, «Қайнар» Академиясы)

О. Саңғылбаев – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, ҚазҰПУ)

М. Перленбетов – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, «Қайнар» Академиясы)

Б.Р. Кадыров - д.пс.н., профессор
(Узбекистан, Ташкентский филиал МГУ им. М.В. Ломоносова)

М. П. Кабакова – канд. психол. н., доцент (Алматы, КазНУ)

Ш. Сатиева – психол. ғ. к., проф.
(Семей, «Семей ун-т»)

Ә. Көкебаева – психол. ғ. д., проф.
(Көкшетау, «Көкшетау ун-т»)

Ұ. Төлешова – п.ғ.к.
(Алматы, ҚазҰПУ)

Б. Бейсекеева – педагог-психолог
(Павлодар обл.)



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілермен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Журналға шыққан материалдардың стильдік қателіктеріне редакция жауап бермейді. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.



Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотографии не рецензируются и не возвращаются.

Главный редактор –
Акнур ОЛЖАЕВА
Научный редактор –
М. АХМЕТОВА

Журнал перерегистрирован в Министерстве связи и информаций РК.
Свидетельство №10964-Ж от 20. 05. 2010 г. Астана.
Подписной индекс: 75487

Подписано в печать 31. 07. 2023 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Учредитель:

ООО «Педагог LTD»

Адрес: 050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;
сот. т.: 8 777 1949458, 8 777 3033767
Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Дизайнер-верстальщик
Нурзат Раймукулова

Журнал напечатан в типографии
<<Print House GERONA>>
г. Алматы, ул. Сатпаева, 30А/3,
124-офис.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасында сақтап жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз. Мақаланызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру жолдары

Д. ЕРМЕКБАЕВА

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысы бойынша бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту» моделінде «Балаларды оқыту және күтім жасау» шкаласында балалардың психологиялық аман-саулығын, эмоциялық, моральдық дамуы мен әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру мәселесіне басты назар аударылған. Бұл құжаттың мақсаты балалардың әлеуметтік, эмоционалдық, интеллектуалдық, эмпатиялық қабілеттерін дамыту.

Психология ғылымында дағды ұғымына бірнеше рет қайталау арқылы дамитын қабілет, біліктілікпен синонимдес, автоматтандырылған әрекеттер деп түсіндірсе, кейбір ғылыми әдебиеттерде іс-әрекеттерді жетілдірілуге бағытталған жаттығулар дейді. С.Л. Рубинштейн: «Дағды – саналы түрдегі автоматталған қимыл-әрекет», - дейді. Барлық қалыптасқан дағдыларды екі бөліп қарастырамыз: қатты және жұмсақ дағдылар. Қатты дағдылар – бұл байқауға, өлшеуге және көрсетуге оңай, мысалы, математикалық есептерді шеше білу, оқи білу, шет тілін білу, велосипедпен жүру және т.б. Икемді дағдылар – бұл әлеуметтік дағдылар. Жақсы дағдыларды икемді дағдылар деп те атаймыз. Икемді дағдылар кез келген іс-әрекетте қажет. Оларға қарым-қатынас жасау, топта жұмыс істеу, сендіру, мәселелерді шешу, шешім қабылдау, уақытты басқару, өзін және басқаларды ынталандыру мүмкіндігі кіреді. Эмоционалдық дағдылар балаларда ойын іс-әрекеттері арқылы қалыптасады. Ойын – мектеп жасына дейінгі баланың жетекші іс-әрекеті. Ойын арқылы бала өмірден көптеген мәліметтер алады, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады, білім алады.

Ойын дегеніміз – жас ерекшелікке қарамайтын, адамның көңіл-күйін көтеретін, ойландыратын үрдіс. Ойын – тезімділікті, алғырттықты, тапқырлықты, ұқыптылықты, ізденімпаздықты, іскерлікті, дүниетаным өрісінің көлемділігін, көп білуді, сондай-ақ басқа да толып жатқан сапалылық қасиеттерін қалыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар педагогикалық тиімді әдістердің бірі. В.А. Сухомлинский: «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ», - дейді. Ж.Ж. Руссо: «Баланы жақсы тану және түсіну үшін оны ойын кезінде бақылау керек», - деген. Педагог ғалым М. Жұмабаев: «Ойын – бала үшін өмірлік тәжірибе», - дейді. Балалар эмоцияның жағымды не жағымсыз түрін тез байқайды. Олар қуаныштың, ашудың, қайғы мен қорқыныштың мимикалық көріністерін де жылдам ажырата біледі. Бірінші қуаныш сезімдерінің көрінісін жақсы сезеді, содан кейін барып ашуды сезінеді. Балалар көбіне ішкі сезімдерін бірінші бет әлпеттері арқылы білдіреді. Мектеп жасына дейінгі балалар жағымсыз эмоцияларға қарағанда жағымды эмоцияларды оңай

таниды. Балалар есейген сайын эмоцияларын реттеу және ыдырату қабілеттері артады. Еріксіз эмоциялық реакциялары ерікті эмоциялық көрініс *эмоционалды дағдыларға* айналады.

Эмоционалды дағдылар – бұл адамдарға эмоцияларын тануға, басқаруға, басқа адамдарға түсіністікпен қарауға және жанашырлық танытуға, жағымды қарым-қатынас орнатуға және сақтауға, этиканы ұстануға, мақсат қоюға және оған жетуге мүмкіндік береді. Американдық ғалым Даниэл Големан 1990 жылы «Эмоционалды интеллект» кітабын жазды, онда ол эмоционалды интеллект «өзгелердің өз сезімдерін және басқа адамдардың сезімдерін түсіну, өздігінен өзін-өзі ынталандыру, өзін-өзі немесе өзінің қарым-қатынасына қатысты көзқарастарды толығымен бақылап отыру» деп жазды. Ол эмоционалды интеллект адам бойындағы эмоционалды құзыреттілік дағдыларын қамтиды. Мысалы:

- сезімдерді басқара білуге үйрету;
- шығармашылық жұмыстарды жоғары деңгейде орындауға ынталандыру;
- қарым-қатынастарды тиімді басқару.

Эмоциялар мен сезімдер – бұл адамның қоршаған ортаға қатынасынан туындайды. Баланы әлеуметтік айналамен эмоция ғана біріктіреді. Адамдардың рухани өміріндегі ұят, қуаныш, үрейлену, таң қалу т.б. түрлі уайымдар бір-бірін өзара орын ауыстырумен толықсуын эмоция деп атаймыз. Ғалым Р.Х. Шакуров «Қуаныш өмірге деген қызығушылығымызды шақырады және сол арқылы дем береді. К.К. Платонов «Эмоция шындық әлемінің заттары мен құбылысын көрсетпейді, сол заттар мен құбылыстардың адам ағзасына тигізетін әсерін көрсетеді» дейді. В.В. Зеньковский «Эмоционалды құбылыстар бала дамуында маңызды орын алады.

Бала мінез-құлқының табиғилығы мен еркіндігіне әсер етеді» деген. Эмоционалды мінез-құлық бала өмірінде маңызды рөл атқарады. Бала үлкендерге қарағанда эмоцияларға берілуге бейім. Өмірінің ерте кезеңінен бастап балаларда көптеген эмоциялар пайда болады. Олар қуаныш, ашу, қайғы, ұят, қорқу мен үрей, сенім, қанағаттану мен намысты білдіреді. Қуаныш пен сенім сияқты жағымды эмоциялар балаларда қауіпсіздік пен сенімділік сезімін тудырады. Басқа эмоциялардан олар өздерін жаман сезінеді, себебі қауіп пен қанағаттанбауды білдіреді. Ашу бала белгілі бір қиындыққа кез болғанын білдіреді. Қайғы бала белсенділігінің төмендеуіне әкеп соғады және жағымсыз жағдайға (жоғалту немесе көңіл қалу) бейімделуге уақыт береді. Қорқыныш балаларға қорғануға түрткі болады.

Эмоционалды мінез-құлық ағзаның барлық өмірлік қызметтерімен байланысты, өйткені ол адам іс-әрекетінің биологиялық сапасы, өмірлік қажеттіліктерінің қанағаттандыру белгісі болып табылады. Эмоциялар адамның қоршаған ортаға және өзінің тұлғасына субъективті қатынасын бейнелейді. Балалардың эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру мәселесі мектепке дейінгі жастан басталуы керек.

Эмоциялар – бала жағдайының өзіндік көрсеткіші. Ол баланың таным-

дық процесіне, мінез-құлқына, қоршаған әлемді қабылдауына әсер етеді. Балалық шақта эмоциялар игерілген сайын баланың адамгершілік нормалары қалыптасып, эмоционалдық тәжірибесі нығаяды. Балаларға көбінесе импульсивті мінез-құлық тән, өйткені олар өздерінің сезімдері мен эмоцияларын басқаруды әлі үйренбеген, эмоционалды жағдайды түсіну қабілеті енді қалыптаса бастаған кезең. Бұл кезеңде баланың эмоционалдық дүниетанымы да біртіндеп дами бастайды. Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды-экспрессивті даму ерекшеліктерін психолог ғалым Н.Е. Разенков қарастырды. Ол мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтендіру контекстіндегі эмоционалды-экспрессивті көріністерді зерттеді. Мектепке дейінгі кезеңде эмоционалды-экспрессивті даму баланың жеке қабілеті мен эмоциялдық жағдайларды түсіне білуге үйретеді. Төрт жасар бала сезінетін эмоциялар мен сезімдер өткінші, жағдаяттық болып, оның есінде жақсы сақталмайды. Ол өз іс-әрекетінде қандай да бір сәтсіздіктерге ұшыраса немесе өзінің сырт келбеті жайлы жағымсыз пікірлер естіп, сол үшін қамықса, ренжісе де оның тұлғасының қалыптасуына әсер етпейді. Эмоциялардың жалпылануы нәтижесінде жеті жасар балада сезімдердің логикасы пайда болады. Эмоциялар жаңа мәнге ие болады, олардың арасында байланыстар орнап, олардың өзара күресуі мүмкін бола бастайды. Мектеп жасына дейінгі балаларда қорқыныш сезімін тудырады:

- Табиғи жағдайлар (қараңғы, найзағай, өрт, топан су және т.б.);
- Ертегі, кітап және кино кейіпкерлері;
- Жануарлар (жылаң, қасқыр, ақула, қолтырауын);
- Түсініксіз белгілер (көлеңке, ақ дақтар, дыбыстар және т.б.);
- Оқыс оқиғалар мен қауіпті әрекеттер (құлау, жүзу, конькимен сырғанау және т.б.)
- Көлік құралдары: (көлік қағып кетуі, лифтте қалып қою, метрода басқа пойызбен соқтығысу және т.б.)
- Мектептегі өмір факторлары (мұғалімдер, директор, оқу, тәрбие ісінің меңгерушілері, жоғары сынып оқушылары, екілік, емтихандар, сабақ оқымағаны үшін айтылатын өтірік және т.б.)
- Өлім, жалғыздық, танымайтын адамдар, ауырсыну, жаза.

Қорқыныш – кішкентай бала атаулыға тән нәрсе. Бала жазалау қауіпінен, айқайдан қорқады. Мұны аурудың әдеттегі көрінісі деп емес, дені сау балалардың әдеттегі қорқынышы деп қабылдауымыз керек. Алайда, баланы қорқыта беру, оған қоқан-лоққы көрсету бірте-бірте қорқынышты сипат алуы мүмкін. Бала бөгде адамдардан, қараңғыдан қорқа бастайды, бөлмеде жалғыз қала алмайды, басқа адамдар арасында үрейленеді. Қорқыныш күйі басылуы да немесе қайтадан күшеюі де мүмкін. Баланы қорқынышты күйден құтқару үшін үлкен адамдар оның қолдаусыз еместігіне, жақсы қарым-қатынаста өмір сүретініне сенімін арттыруы керек. Мектеп жасына дейінгі балалар белгілі бір эмоцияның себептеріне мысалдар келтіріп, түсіндіріп қана қоймай, адамның нақты эмоционалды жағдайына негізделген мінез-құлқын да болжай алады. Мысалы: төрт жасар балалар ашуланғанда біреуді ұрып-соғуы мүмкін, ал қуанып тұрса ойнауға келіседі.

Балалар үлкейген сайын эмоциялар туралы түсініктері біртіндеп кеңейе түседі. Бет-әлпет көріністері арқылы қандай да бір оқиғаға өзіндік реакциясын көрсетеді, эмоциясын білдіре алады. Бұл кезеңде балаларда әлеуметтік тәжірибелермен байланысты эмоционалды процестердің динамикасы болады. Балалардың эмоциялары сол уақыттағы іс-әрекет құрылымдарына байланысты өзгеріп отырады. Егер бала дамуының алғашқы кезеңдерінде эмоцияларды қабылдау жағдайлары тікелей бақылау түрінде пайда болса, кейіннен эмоционалдық әрекет түрінде көрінеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Микляева И.В. Дошкольная педагогика. Обзорные лекции по подготовке студентов к итоговому междисциплинарному экзамену. – М.: Форум, 2012. – 256 с.;
2. Сергиенко, Е.А. Социально-эмоциональное развитие детей. Теоретические основы / Е. А. Сергиенко, Т.Д. Марцинковская, Е.И. Изотова и др. – М.: Дрофа, 2019. – 248 с.;
3. Төлешова Ұ.Б., Аувакир Б. Баламен ойна... бізбен әлем өзгеше: оқу-әдістемелік құрал // – Алматы: Қазақ университеті, – Алматы, 2022. – 144 б.

Жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті мінез- құлық мәселелері

Ұ. КАЙНАЗАРОВА

Аңдатпа

Мақалада аутодеструктивті мінез-құлықтың ғылыми термин ретіндегі сипаттамасы және оның қазіргі қоғамдағы алатын орны қарастырылады. Оны тек феномен немесе проблема түрінде ғана емес, сонымен қатар психологиялық процесс ретінде қарастыру қажеттігі талқыланады. Сонымен қатар, жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу шаралары да қарастырылады.

Аннотация

В статье рассматривается описание аутодеструктивного поведения как научного термина и его место в современном обществе. Обсуждается необходимость рассматривать его не только как явление или проблему, но и как психологический процесс. Кроме того, рассматриваются меры профилактики аутодеструктивного поведения среди подростков.

Resume

The article describes the description of self-destructive behavior as a scientific term and its place in modern society. The need to consider it not only as a

phenomenon or problem, but also as a psychological process is discussed. In addition, measures to prevent self-destructive behavior among adolescents are also considered.

Қазіргі қоғамда шешімін таба алмай жүрген мәселелердің бірі – жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті әрекет. «Аутодеструктивті» латыннан аударғанда – қалыпты жағдайдағы құрылымның бұзылуы деп атайды. Аутодеструктивті мінез-құлық – адамның қалыпты дамуына, психологиялық денсаулығына қауіп төндіретін мінез-құлық деп атайды. Ғылыми әдебиеттерде деструктивтілік – бұл жатырқаушылықтың белсенді формасы; басқаның тұлғасына нұқсан келтіру қажеттілігі сол адамның талқандай алу мінез-құлқынан қорқыныш негізінде пайда болады. Бұл жатырқаушылықтан қарағанда өнімділіктің өте күшті және аса жалпылай қамтитын қарсылықтарының нәтижелері. Аутодеструктивті мінез-құлық бұл эмоционалды немесе физикалық болсын, өзіңізге зиян тигізетін нәрсе жасау. Аутодеструктивті мінез-құлық қазіргі таңда күрделі жасөспірімдер арасында тым көп кездеседі.

Аутодеструктивті мінез-құлыққа, әсіресе, жасөспірімдер көбірек бейім. Себебі жас ерекшелік өзгерістері – эмоционалдық тұрақсыздық, әлеуметтік жағдайлардың күрт өзгеруі, «ақ пен қараны» ажырата алмауы, сонымен қатар жағымсыз экономикалық, әлеуметтік факторлардың әсері болып табылады. Осы аутодеструктивті мінез-құлықтың негізгі түрлеріне тоқталатын болсақ:

Аутоагрессивті мінез-құлық (суицидалды және парасуицидалды). Суицид аутодеструктивті мінез-құлықтың ең қауіпті түрі болып саналады. А.Е. Личко демонстративті, аффективті және шын суицидалды мінез-құлық түрлерін бөліп көрсетті. Бұлардан басқа «ситуативті» суицид деп аталатын түрі де болады. Сол себепті оқушылар арасында алдын алу шараларын жүргізу өте маңызды;

2. Тағам қабылдауға тәуелділік немесе керісінше – адам мінезінің ерекшелігіне байланысты тағам қабылдау мінез-құлқының бұзылуы;

3. Аутистік мінез-құлық – шынайы өмірге бейімделе алмаудан, қиял әлеміне кетуден адамдармен араласудан бас тартып, жалғыздықты таңдаудан көрінетін мінез-құлық;

4. Виктимді мінез-құлық (ағылш. victim – құрбан) – адамның басқа біреудің өзіне аморальды, заңға қайшы әрекетіне қатысты мінез-құлқы. Мұндай мінез-құлықтың психологиялық негізі өз-өзін төмен бағалау, қарым-қатынастың үзілуінен қорқу болып табылады. Психологиялық түзету немесе психотерапияның нәтижесінде «құрбандар» бойынан деструктивті қарым-қатынасты үзуге шешім қабылдауға ерлік қажет болады.

Когнитивті қабілеттерінің төмендеуі. Бала әлеуметтік желідегі ақпараттың көптігі мен әртүрлілігінен зейіннің шоғырлануы төмендейді. Ол нақты бір тапсырманы орындай алмайды.

Ақпараттық тәуелділік. Интернеттегі әлеуметтік желілердің көптігінен күнделікті, сағат сайын ақпаратпен қамтамасыз етілуді әдетке айналдырады.

Қорыта келгенде: қазіргі кезде жасөспірімдердің мінез-құлқындағы ауытқушылықтарынан жағымсыз әр түрлі қиын жағдайлар көбеюде. Осы болып

жатқан жағдайларда алдын алып әрбір ата-ана, педагог бірлесіп жұмыс жасау керек.

Әрбір әке, әрбір ана баласының жанына үңілсе, «Менің кінәм қай жерде? - деп баласын ашық әңгімеге шақырса. Суицидке апаратын жол өте көп. Әке-шеше баласына жақсы көретінін айтуы керек. Баласымен отбасында көп көңіл бөліп, ішкі жан дүниесіне назар аударып, көбірек баланың мәселесі төңірегінде сөйлесу керек. Балалар – біздің болашағымыз. Сондықтан да бала тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қараған абзал.

К.Д. Ушинский айтуы бойынша: «Егер адам бойындағы зиянды әдет-дағдыларды түп- тамырымен бір уақытта жою үшін аз да болса бар күш-жігерімен кіріссе, одан құтылу да қиынға түспес еді... Бірақ та қиыншылығы сонда – мысқалдап ұзақ уақыт өнген жаман әдет-дағдыны құрту үшін, соншама ұзақ уақыт күресу керек». [3]

Жасөспірімдік кезең – алуан түрлі қарама-қайшылыққа толы, ата-аналардың көпшілігін алаңдататын, уайымға түсіретін күрделі шақ. Себебі мектепте де, отбасында да балалардың агрессиясы үнемі байқалады: дау дамайдың көптігі, олардың көңіл күйінің тұрақсыздығы, қоғамға ашықтан ашық наразылық білдіру, ата-ананың қамқорлығын қабылдамауы немесе ұялшақтық. Жеткіншектің мінез-құлқындағы мұндай өзгерістердің себебін түсіну үшін, оның психологиялық астарын білу керек. Әсіресе, ата-аналар өздерінің балалары жеткіншек жасқа (12-15 жас) жеткен уақытта күрделі, тіпті кейбір жағдайда неше түрлі қайшылықтарға кездесетінін түсінулері қажет.

Себебі осы шақта жеткіншектер өздерін отбасының, сыныптың, қоғамның тең құқылы мүшесі, яғни тұлға ретінде сезіне бастайды. Бұл-жасөспірімдердің осы шақтағы аса маңызды психологиялық ерекшеліктері. Олар өздерін қоғамдық қарым-қатынастар жүйесінде сезінумен бірге, болашақтағы ересек өмірге жоспар құра бастайды. Олардың бұл жоспары тәжірибесінің аздығынан көмескі болып келеді, әлі ақыл тоқтатпаған шалалық пен балалықты аңғартады. [1]

Аутодеструктивті мінез құлықтың алдын алу үшін ата-аналар, мұғалімдер, психологтар мен әлеуметтік қызметкерлер, салауатты өмір салтын қалыптастырушы мамандар, бұқаралық ақпарат құралдары бірлесе жұмыс атқаруы керек. Яғни ең алдымен алдын алу жұмыстары жасалуы қажет: жасөспірімдер мен жастар арасында осы тақырыпта дәрістер, әңгімелесулер, сұхбаттасулар, кеңес беру, сұрақ-жауап сияқты жұмыстардың көбірек жүргізілгені дұрыс.

Сіз ол адамның жан жарасын білдіретін сөздерін, мейлі ол уайым, қайғы, кінә, қорқыныш немесе ашу-ыза болсын, тыңдай білсеңіз, оған баға жетпес көмек бергеніңіз. Тіпті кейде жай ғана үндемей онымен бірге отырсаңыз да, бұл сіздің оған деген қамқорлық қатынасыңыздың, оның тағдырына немқұрайлы қарамайтыныңыздың дәлелі бола алады. Оларда әлеуметтік қызметкерлер бұл тақырыпты балаға бес жастан бастап түсіндіре бастайды, осал топтарды дер кезінде анықтап, психологтың кеңесіне жібереді. Аутодеструктивті мінез құлыққа бейім балалар мен жасөспірімдерді анықтау жұмысы екі елде бірдей жүреді. Әдетте жұрт аутодеструктивті мінез құлық ой-

ларын жасыруға тырысады. Егер бала кезден оларды не болып жатқанын ұғынуға үйрете білсек, онымызбен балаларды қорғап қаламыз. Өмір құндылығы туралы бірінші сыныптан айта бастау ләзім. Балалар өзінің психоэмоциялық көңіл-күйін ырқына көндіре білуі тиіс, - дейді Фатима Багиярова.

Аутодеструктивтік мінез-құлықтың іс-әрекетке итермелеудің тікелей себебі – дау-дамайдың пайда болуы. Бұл дегеніміз – белгілі бір адамның маңызды, құнды ұстанымына әсер етуші жағымсыз әрекет, күйзеліс тудыратын жағдай. Аутодеструктивтік мінез-құлықтың қаупі туатын жеткеншектерде жалғыздықты сезіну, ешкімнен көмек күтпеушілік, қайғырушылық, менмендік көріністерінің тереңдеуі басқаның қуанышы мен қайғысына ортақтасуға құлқы болмаушылық жиі кездеседі. Сондықтан кез келген шағын түсінбеушілік дау-дамайдың өзі аутодеструктивтік мінез-құлықтың алдын алу әрекеттерінің алғы шарты болуы мүмкін. Осындай жағымсыз түсінбеушілік әрекеттердің алдын алу үшін ең бірінші бағыт тек дұрыс тәрбие беру болып табылады.

Баланың бойындағы ең басты, ең маңыздылар балалық шақта қаланады, сондықтан да адамның алдағы өмірі мен тағдыры көбінесе осыған байланысты болады. Одан кейінгі уақытта, мектеп қабырғасында болатын, шартты түрде алдын алу, түзету деп аталады, себебі жұмыс бала санасының деңгейінде ғана емес, түйсік бағдарламаларымен жүргізілуімен де маңызды. Мектебімізде оқу жылының басында бекітілінген жоспар бойынша жасалынған жұмыстар барысында оқушылармен сынып ұжымын қалыптастыруға, оқушыларды әлеуметтік маңызы бар қызымет түрлеріне баулуға, өзін-өзі басқару ұйымын ұйымдастыруға, әлеуметтік тұрғыда мәдениет, спорт, өнер, ғылым және т.б. әрекеттерге тарту бойынша іс-шаралар ұйымдастырылып отырылады. Осы тақырыпта әңгімелесулер, сұхбаттасулар, кеңес беру, сұрақ-жауап сияқты жұмыстар көбірек жүргізілініп тұрады.

Балалардың аутодеструктивтік мінез-құлқының алдын алуда отбасы, мектеп, педагог, психолог, әлеуметтік педагог басты рөл атқарады, олар жасөспірімдерді аутодеструктивтік әрекетке жеткізетін көңіл-күймен күресуде ата-аналармен жұмыс атқарады және оларға көмек береді. Ата-аналарды өз баласына сауатты көмек көрсетуі үшін, оны түсінуі мен қолдау көрсетуінде қажет жеткілікті біліммен қаруландыру керек. Ата-аналардың педагогикалық мәдениеті неғұрлым мол болған сайын, олар өз балаларына жалпыадамзаттық және адамгершілік құндылықтарды соғұрлым көп меңгертеді. Тұлға қауіпсіздігі – қазақстандық қоғамда басты құндылықтардың бірі болуы тиіс.

Ендеше отбасы құндылықтарынан бастау алатын тәрбиедің негізі – тұлға қауіпсіздігі деп айтуға болады. Олай болса ата-аналар балалардың жабығуының алдын алуда үлкен рөл атқарады. Егер жасөспірімнің көңіл-күйі күрт құлазыса немесе жабығудың басқа да белгілері байқалса, төмендегі шараларды орындау қажет:

Баламен сөйлесу қажет, көңіл-күйінің неліктен түсіңкі болу себебін анықтау үшін сұрақтар қойып, оның арман-тілектері жайында сөз қозғап, болашаққа жоспар құруға бағыттауың әңгімелерге жетелеу қажет. Балаға оптимистік серпін беріп, жарқын болашаққа «сендіру», алдына қойған мақ-

саттарына қол жеткізе алатынына қабілетті екенің, жүрегіне сенімділік отын қондыруға барынша әрекет жасау қажет. Оның «өкпелегіштігін», «күнкіл-дектігін» кінәламай, керісінше, оның тұлғасындағы жақсы жақтарын көрсетуге тырысу керек. Оны табысты, ақкөңіл, кішіпейіл және сергек балалармен салыстыруға болмайды, себебі бұл онсыз да төмен бағалауын тереңдетіп жібереді. Атасы мен әжесіне, туыс-туғандарға қонаққа, ауылға бару, дала жұмыстырына көмектесу. Сонымен қатар, ит, мысық, алақоржың, тотықұс, балық сияқты жануарларды қолға үйрету, оларға қамқорлық жасау. Қорғансыз үй жануарына қамқорлық жасау баланы іске жұмылдыртып, позитивті күйге шақырады. Жеткіншек күн тәртібін сақтауы қажет. Оның жақсы, мезгілімен демалуын, дұрыс тамақтануын, таза ауада жеткілікті уақыт өткізуін, спорттың қандай да бір түрімен айналысуын қадағалау қажет. Балаға дұрыс ұстаным беру, оның өз-өзіне сенімді болуына көз жеткізу және алдына қойған мақсаттарына қол жеткізуге қабілетті екендігіне сендірген абзал. Ата-ана баланы үнемі «қабағын ашпай, нашар мінез көрсеткендігі» немесе шектен тыс жиіркеншектігі үшін сөкпей, оның жақсы жақтарын көбірек атап, жеке басы мүмкіндіктерінің бар екендігіне сендіре алғаны дұрыс. [2]

Балалар мен жеткіншектердің мінез-құлқындағы ауытқушылық көріністері олардың адамгершілік және әлеуметтік дамуы жағынан дара ерекшеліктер мен тұлғалық көріністеріне, нақты жағдаяттар мен өмір жағдайларына және іс-әрекеттеріне қарай болады.

Жасөспірімдердің тұлғалық және әлеуметтік құзырлығын қалыптастыруды, жағымсыз мінез-құлық көріністерін түзетуді олардың жағымды «Мен» бейнесін дамытудан, өзін-өзі құрметтеу сезімін, сындарлы ойлау қабілетін, әлеуметтік маңызды мақсаттарды қоя білуін және жауапты шешімдер қабылдай алуды дамытудан бастаған жөн. [3]

Жасөспірім салауатты таңдай жасай алуы үшін, оған эмоциясын игере алуды, стрессті, үрейленуді, зиянды әдеттерге қарсы тұруды, қақтығысты жеңе алуды үйрету қажет.

Әр адамның тағдыры – өз қолында. Сол себепті кез келген жеке тұлға «мен отбасыма, бала-шағама, қоғамға және өзіме-өзім керекпін» деген үлкен мақсатпен өмір сүріп, келеңсіз ойлар мен әрекеттерден аулақ болғаны дұрыс.

Қазақ халқы өмірді ағып жатқан өзенге теңейді. Өйткені өмір өзен тәрізді тоқтаусыз, ешкімге білдірмей өтіп жатады. Әрбір адам өмірді табиғаттың өзіне берген тамаша сыйы деп қарап, оны мейлінше толық әрі тиімді пайдалануы, мүмкіндігінше саналы да жемісті еңбекпен өткізгені абзал.

Халқымызда мақал-мәтелдер көп, солардың біреуінде «Жамандықтың беті әрмен» десе, енді бірінде «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді. Сондықтан әрқашанда жанымызға шуақ шашып, өмірде бір-бірімізге тек қана жақсылық ойлап, жақсы тілек тілеп, жақсылығымызға қуанып жүрейік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. К.Ғ. Елшібаева. Жасөспірімдер арасында суицидтің алдын алу, 2012;
2. Педагогикалық қызметкерлердің республикалық вебинар материал-

дары. «Жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын-алу және білім беру ортасының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тиімді әдістері мен тәсілдері», 2016;

3. Шульц Д., Шульц С. История современной психологии. – М., 2010.

4. Әбиев Ж.Ә., Бабаев С.Б., Құдиярова А.М. Педагогика: Оқу құралы. – Алматы: Дарын, 2004.

Бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктері

А. ЛЕПЕСОВА

Бастауыш мектеп балалық кезеңі – бұл 7-11 жас арасындағы жеке тұлғаның әрі қарай дара-психологиялық дамуы және әлеуметтік-адамгершілік сапаларының қалыптасу процесі.

Бұл жаста балалар оқу іс-әрекетін меңгереді, психикалық функцияның еріктілігі құрылады, рефлексия туындайды, өзін-өзі бақылауы ерекшеленеді.

Бастауыш мектептің оқу жұмысының әр саласында бейімделуі балада бірден қалыптаспайтынын ескеруіміз керек, оған біраз мерзімде үйренеді. Олардың негізгі әрекеті болып келсе, оқуға кіргеннен кейін оқу – іс-әрекеті шешуші рольды атқарады. Осыған орай, баланың психикалық дамуы үлкен өзгерістерге ұшырайды. Сонымен қатар, жаңа ортаға үйреніп, мұғаліммен, құрбыларымен қарым-қатынас жасауына психологиялық көмек қажет. Педагог психолог ретінде мен бастауыш мектеп оқушыларымен көптеген жұмыс атқардым. Негізгілеріне тоқталатын болсам:

«Керн-Иирасек» тесті:

- адамның суретін салу;
- сөздер көшірмесі;
- нүктелер көшірмесі.

«Мен сыныптамын әдістемесі»;

«Социометрия» Дж.Морено;

«Ертегі терапиясы» өзінің ертегісін құрастыру және оны баяндау, ертегі жазу және талдау.

Қазіргі балалар психологиясының негізгі мәселелерінің бірі бастауыш оқушыларының психикасын дамыту мәселесі.

К.Д. Ушинский: «...ең кіші сыныптан бастап оқушылардың жасына қолайлы өзінің жинақталған көзқарасы болу керек. Әрбір жыл сайын бұл көзқарастың тереңдетілуі, кеңеюі толықтырылуы тиіс» деген екен. Яғни, оқушының танымдық әрекеті оның дамуындағы басты шарт болатыны анықтады. Әр оқушы өзінің мүмкіндіктерін жүзеге асырады.

Педагог-психологтар, 6 жастан бастап 12 жас аралығы танымдық әрекетті қалыптастыруға және дамытуға өте қолайлы кез деп есептейді. Әр

жастағы, соның ішінде бірінші сынып жасындағы баланың психологиялық ерекшеліктері бірден қалыптаспайды, бұл үздіксіз даму процесі. Психикалық процесстердің ойлау, қабылдау, қорытынды шығару үрдістері жаймен қалыптасады. Мектепте оқыту баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді және ол бала дамуының негізі болып табылады. Сондықтан оқыту мен дамытудың арасында тығыз байланыс болады.

Мектепке келген кезінен-ақ, балада ақыл-ой сияқты аса маңызды қабілет қалыптасады. Мектепте осы қабілетті жан-жақты дамытып, әрі жаттықтырып отыру керек. Баланың бүкіл психикалық әрекетін: зейін, қабылдау, ойлау, бақылау әрекеттерін реттеп отыру арқылы танымдық әрекеті қалыптасатынын ұмытпауымыз керек. Бастауыш сынып оқушыларының маңызды тағы бір ерекшелігі – олардың эмоционалдық күйінің көтеріңкі болуы. Бұл жастағы балалар айтқанға оп-оңай көңгіштігімен ерекшеленеді, үлкеннің, мұғалімнің ықпалына тез беріледі. Тапсырмалар беру жүйесін құру, оның орындалу сапасын бақылау. Қол жеткен табыстар үшін оларды мадақтап отыру жолымен танымдық әрекетті қалыптастырудың маңызы зор, басқаша айтқанда, баланың жеке тұлғасын қалыптастыру, оның жеке қабілетін қалыптастыру біздің міндетіміз.

Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру

Ж. СТАМБЕКОВА

«Білім игеру процесінің басты тұлғасы – үйренуші» деген ұстаным бүгінгі күнгі «білім» ұғымның жаңа мағынасы мен түсінігін құрайды [1]. Бұл қағида – жаңашыл таным философиясы мен оның идеяларын ұстанатын біліми технологиялардың басты идеясы, өйткені ол Болонья процесінің негізгі қағидаларына сәйкес келеді. Қазақстанда білімді 2011-2020 жылдарда дамытудың мемлекеттік бағдарламасының барлық дерлік мақсаттары Болонья келісімінің ортақ жоғары білім саласын құру, ұлттық жүйелерді жақындастыру және өзара мойындау идеяларымен сарындас және үндес.

Бүгінгі күні «білім қоғамы» және «білім экономикасы» дәуірінде қоғамның, оның ішінде экономиканың басты мақсаты адамға және оның біліміне бағытталған. Алайда, бұл жерде мәселе білімнің өзінде емес, оның әрекеттегі өзгеруінде, қолдануында болып отыр. Сол себепті де қазіргі адамцентристік (антропологиялық) экономикаға жаңа көзқарас ұстанған, жаңа білімді мамандар қажет. Ал мұндай мамандарды қалыптастыру, оларды дайындау бұрынғыдай «білім беру» тұрғысынан емес (білімцентристік қағида), тек «білім алу» (үйренушіцентристік қағида) ғана орындалуы мүмкін.

Осы идея аумағындағы Болонья процесі қолданысындағы басты тұжырымдамалық ұғымдардың бірі – білім игеру процесінің нәтижеге бағытталуы. Мұнда нәтиже бұл процестің негізгі мақсатына, қызметіне, қорытынды

нысанасына айналады. Ал білім алудың (игерудің) үйренудің нәтижесі дегеніміз сабақ, пән, бағдарлама, оқытудың толық курсы аяқталған соң студенттің (жоғарғы оқу орнының түлегінің) «не» жасай алатындығы, қолынан «не» келетіндігі.

Білім игерудің нәтижесін бұрынғыдай тек білім, білік, дағды аумағында ғана құрастыру қазіргі күні аздық етеді, себебі олар үйренушінің тек біліктілігін ғана айқындайды. Сондықтан да Болоңья процесі ауқымындағы білім реформасы біліктілік (квалификация) терминін құзырлылықпен (компетенция) алмастырып, құзырлылықты білім игеру процесінің басты нәтижесі ретінде тануды талап етеді.

Біліктілік дегеніміз үйренушінің алдын-ала айқындалған білім мазмұны: «студент мынаны және ананы оқуы, үйренуі қажет» деген ауқым, ол студенттің еш қатысуынсыз белгіленеді, жоспарланады. «Біліктілікті негізге алған оқыту білім алушының өмір сүрудегі мүмкіншіліктеріне, оның қандай да бір әрекетті жасау дайындығына жіті назар салмай, оның білімін тек оқытылатын пән деңгейінде, яғни оқытушы тарапынан жасалған бағдарлама мен жоспарлау тұрғысынан қарастырады» [1]. Басқаша сөзбен айтқанда, біліктілік дегеніміз тұрақты контекстер мен алгоритмдер аумағындағы алдын-ала айқындалған әрекеттер арқылы маман дайындау.

Ал құзырлылық білім игеру процесін алдын-ала жоспарлаудан нәтижені айқындауға қарай ойыстырады, негізгі әрекет тұлғасы оқытушы деп есептелетін «оқытудан» басты қозғаушы күш студент болатын «оқуға» ауыстырады, салмақты «білім беруден» «білім алуға» түсіреді. Құзырлылық бүкіл білім жүйесін өз білімінің ауқымын, оны игерудің әдістері мен тәсілдерін өзіндік тұрғыдан айқындайтын, қоғам алдындағы өз біліміне деген жауапкершілікті терең түсінетін студентке бағытталуды талап етеді. Оның мазмұны мен ауқымы үйренушінің тікелей қатысуымен айқындалуы қажет: егер біліктілікте оқу бағдарламасы «студент үшін» форматында құрастырылатын болса, құзырлылықта «студентпен бірге» үрдісі ұстанылады. Құзырлылық идеясы бойынша студент білімнің мазмұнын, өздігімен құрастырып, білімді өздігімен игеруі тиіс.

Қазіргі қоғамдық өзгерістердің қарқындылығы, болжауға келмейтін өзгергіштігі жаңа сипаттағы мамандарды қажет етіп отыр. Ондай мамандар дәйім өзгеріп отыратын әлеуметтік-экономикалық үрдістерді талдай және болжай білуге, нарықтық бәсеке жағдайына сай таңдау жасап және шешімдер қабылдап, оларды жүзеге асыра білуге, өндіріс пен жеке адам арасындағы ықпалдастықтың ізгілікке бағытын стереотиптендіруден арылта білуге тиіс. Осы жағдайларға байланысты жоғары оқу орнының ең бір маңызды міндеті кәсіби жағынан құзіретті маман даярлау болып отыр.

Жоғары білімді маманның кәсіби құзіреттілігі сол маманның жеке тұлға ретіндегі қасиеттерінің және ішкі психикалық жағдайларының күрделі жүйесі, оның кәсіби қызметі мен қабілетін іске асыру дайындығына, былайша айтқанда, іскерлігі мен мүмкіндігіне сай жұмыс істеу қажеттілігінен келіп шығады.

Құзіреттіліктің сипаты қандай?

Кейбір сөздіктерде құзіреттілікке белгілі бір зат, құбылыс жөнінде пайымдауға, салмақты да беделді пікір айтуға мүмкіндік беретін білімді игеру ретінде түсіндірме берілген. Дж. Равеннің анықтауы бойынша, «құзыреттілік» бұл арнайы қабілеттілікті білдіреді, яғни үйренушіде белгілі бір пән бойынша білім, пәндік дағдылар мен ерекше ойлау қабілеттерінің болуы және оның өз іс-әрекетіне деген жауапкершілігі [2].

«Құзыреттілік» термині алыс-жақын шет елдердің ғылыми әдебиеттерінде кеңінен қарастырылған. Мысалы, «competence» (латынша) – сәйкес, жарамды, «competence» (ағылшынша) – қабілет, компетенция, «competent» (французша) – құзыретті, құқықты, сай болу, қабілетті болу деген мағынаны берсе, орыс тілі сөздіктерінде «компетенция» - «белгілі бір сұрақтарды, мәселелерді біреудің жетік білуі» деген мағынаны бейнелесе, қазақша сөздіктерде біреуге тиесілі істер, сұрақтар шеңберінде белгілі бір адамның не мекеме өкілдігінің құқықты болуын білдіреді.

Н.С. Розов құзіреттіліктің екі жағы болатынын анықтайды: бірінші жақты танымдық және практикалық жаңалық енгізуді (инновация) ассимиляциялау мүмкіндігімен, екінші жақты – білім беру жүйелерінің әр түрі, тип, профилі сатыларына қойылатын білім талаптарын анықтау мүмкіндігімен байланыстырады. [3]

Сонымен құзіреттілік дербес тұрғыдан және жауапкершілікпен әрекет жасау, белгілі бір жұмысты орындауға қабілеттілік пен икемділікті меңгеруге жол ашатын психологиялық ахуал, психологиялық сапаның қосылымы ретінде белгіленіп жүр. Құзіретті болу мен құзіретсіз болудың себебі бірдей. Ол адамның жеке тұлға ретіндегі ахуал, эмоциялық тұрақтылығы мен айнымалылығы, денсаулықтың жақсы-жамандығы, т.б. осылардың болу-болмау себептерін анықтау үшін құзіреттілікті саралап, кәсіби психологтың қатысуының маңызы зор (Кесте 1).

Кесте №1

Тұрақты кәсіби мотивация	Кәсіби айнымалы мотивация
- өз кәсібіне адалдығын сақтауға тырысу; - мәндік тұжырымның жағымдылығы, өзіндік бағамдылық; - басқаға көше алу қабілеті, әмбебаптық; - шығармашылық бағдар, жаңа үшін ескіден бас тарта білу; - саналы түрде рухани баюды көздеу, кәсіп арқылы өзін-өзі дамыту; - кәсіп арқылы шығармашылықты байыту; - жағымды эмоциялық күйдің басымдығы; - кәсіби еңбектегі даралық; - кәсіби еңбекке қанағаттану; - кәсіби өзіндік сана тұтастығындағы өз кәсібінің профессиограммасын білу; - кәсіптік тұрғыдан өзін-өзі тану; - мақсатты ойлау мен бөгеттерге қарсы тұра білу, әрекет етудің тұрақтылығы; - өзіне-өзі жоба жасау; - кәсіби жағынан машықтану.	- кәсіби мінез-құлық себептерінің болмауы; - консервативті бағдар, жаңалық енгізуге қарсылық; - ебедейсіздік, өзгеруге деген әділетсіздік; - ойлану әдістерінің шығармашылық әдістерден басым болуы; - құзіреттіліктің белгілі бір деңгейге жетіп тоқтауы, кәсіби тұрғыдан өсудің тоқтауы; - жағымсыз эмоциялық күйдің басым болуы; - қанағаттанбау мен өзін толық бағалы санауы; - тұтаса келіп тұрақтанған кәсіби «мәннің» болмауы; - кәсіби өсудің кездейсоқ әсерге тәуелділігі; - кәсіби жағынан машықтану үйренудің аздығы, кәсіби тұйықтылық; - кәсіби қызметтің мотивациялық қимылдың үйлеспеуі.

Құзіреттіліктің бар-жоғын адам еңбегінің нәтижесімен қарап, пайымдау қажет. Кез келген қызметкер өз әрекетімен кәсіби іс-әрекеттің түпкі нәтижесіне сай талаптарға жауап беретін жұмыстарды орындаса ғана кәсіби құзіреті саналады. Жеткен нәтиже емес, белгілі бір жетістікке жету үшін тырысуды құзіреттілікке телуге болмайды. Құзіреттілікті адамның білімдарлығымен жапсарлатуға болмайды. Өйткені, жұрт айтқандай: «... құзіретсіздік оқу орнының шаңырағында шайқалып тұр».

Кәсіби құзіреттіліктің түрлерін келесідей ажыратуға болады:

- **арнайы құзіреттілік** – өзінің кәсіби іс-әрекетін жеткілікті дәрежеде меңгеру, өзінің кәсіби қалыптасуын жобалай білу;
- **әлеуметтік құзіреттілік** – бірлесе, кәсіби іс-әрекетті атқаруды, ынтымақтасуды, сондай-ақ, осы кәсіпке қарасты қатысымды меңгеру, өзінің кәсіби еңбегінің нәтижелері үшін әлеуметтік жауапкершілік;
- **жеке тұлға құзіреттілігі** – өзін көрсете білу мен қалыптастыру амалдарын, жеке тұлғасының кәсіби қарсы тұру құрамдарын игеру;
- **дара құзіреттілік** – өзінің қабілеттілігін асыру және кәсіп аясында өз даралығын қалыптастыруға қабілеттілік, кәсіби тұрғыдан қартаюға бой бермеу.

Болонья процесінің аумағында 2004 жылы құрылған TUNING («Еуропада білім құрылымдарын сәйкестендіруге бағыттау») жобасы «құзырлылық» ұғымына келесі өлшемдерді жатқызады [4]:

- «білім және түсінік» (қандай да болмасын ғылым саласындағы теориялық білім, білу және түсіну);
- «қалайша әрекет жасау керектігін білу» білімі (нақты ситуацияларда білімді практикалық және оперативтік тұрғыдан қолдана білу);
- «қалайша өмір сүру керек» білімі (әлеуметтік контексте басқа адамдармен өмір сүрудің ажырамас бөлігі болып табылатын құндылықтар) .

Кәсіби құзырлылықтарды оқу процесінде келесі әрекеттер арқылы жүзеге асырылады:

- Интербелсенді әдістерді қодану;
- Жоғарғы оқу орнының «өмір стилін» өзгертіп, оны динамика мен қызыққа толы процеске айналдыру;
- Оқытушылар мен студенттердің арасындағы қарым-қатынасты ынтымақтастық пен өзара әрекеттесуге негіздеу.

Кәсіби құзырлылықтарды қалыптастыруда келесідей әдістерді оқу процесінде қолданудың маңызы зор:

Бірлескен интербелсенді әрекеттер; Рөлдік және іскерлік ойындар; Ситуацияларды (жағдаяттарды) талдау; Кейс-стади; Презентациялар; Тренингтер; Дөңгелек үстел; Пікірталастар; Кері байланыс.

Сонымен, қорыта келгенде, Болонья процесі идеяларына сәйкес бүгінгі күні білім игеру процесінің негізгі мақсаты мен нәтижесі ретінде құзырлылықты таңдап, студентті білім процесінің негізгі тұлғасына айналдырып, білім нәтижесін оның құзырлылықтарымен өлшеуді еліміздің ЖОО-ның негізгі миссиясына айналдырған абзал. Бұл ұстаным оқу процесінде студенттің өзіндік және дербес әрекеттер үлесінің күрт өсуіне алып келіп, оқу әдістемесінде интербелсенді әдістер мен тәсілдерді қолдануды міндетті түрде талап етеді.

Әдебиеттер:

Бірде әскерлер бір өзеннің бойында қос тігіп дамылдапты. Тұтқиылдан жаудың қалың қолы шабуыл жасапты. Малды айдап, мүліктерін тиеп кетіпті. Қолға түскен азаматтарды айдап әкетіпті. Әлгі екі достың біреуі жау қолына түседі. Досының қолға түсіп қалғанын естіген екінші батыр күздің қара суығын елеместен өзенді малтып өтіп, жау жатқан жағаға келеді. Анталаған жау әскерлері оны тарпа бас салады. Жауынгер өзін қолбасшыға апаруын өтінеді. Алып келген соң ол жаудың қолбасына:

- Мен қолдарыңа түскен бір жауынгерге құн төлеп, сатып алуға келдім. Менің оған айырбастап берер мал мүлкім жоқ. Бір-ақ нәрсе беремін. Ол – өзімнің өмірім. Досымды босатыңдар, ол үшін менің өмірімді алыңдар, - дейді.

Қолбасшы ойланып отырып, оны сынамақ болады да:

- Жарайды, мен сені қыршыныңнан қимай-ақ қояйын. Маған сол өміріңнің бір бөлшегін ғана берсең болады, - дейді.

- Ол не? – дейді досын құтқаруға асыққан жігіт.

- Маған сенің көздерің керек? - дейді қолбасы, - екі көзіңді ойып аламын.

- Ол да болсын, көзімді ал да, досымды тезірек босат, - дейді.

Жігіт бұл сыннан сүрінбей өтеді.

Әлгі жауынгер тұтқыннан босаған досының иығына қолын салып, зағип күйі қуанып, күлімдеп келе жатады.

Мұны көрген жаудың қолбасы: «Мынадай ерлері бар халықты тұтқиылдан келіп, қапыда бас салған жағдайда болмаса, бетпе-бет ұрыста жеңу қиынға соғады», - деп түйеді. Сөйтіп өз әскерлеріне шегінуге бұйрық беріпті.

- Осы әңгімеде қандай достық туралы айтылады?

(Екі жауынгердің адал достығы туралы айтылады)

Достықтың екі түрі бар, олар: адал достық және амал достық.

Адал достық өмірлік нұсқа болады,

Амал достық өрісі қысқа болады.

VII. «Достық. Бірлік.» үйін салу.

- Балалар, біздің адал достарымыз әлде де көп болу үшін, үлкен үй салуымыз керек. Сол үлкен үйді бәріміз бірге салып көрейік. Үйді салуға бізге мақал-мәтелдер көмектеседі.

Мақал-мәтелдер

1. Досы жоқпен сырлас,
Досы көппен сыйлас.
2. Досың мың болса да – аз,
Дұшпаның біреу болса да – көп.
3. Досыңменен дос болғанға шаттан
Дұшпаныңменен дос болғаннан сақтан.
4. Ақылсыз достан, ақылды дұшпан артық.
5. Дос басқа қарайды,
Дұшпан аяққа қарайды.

VIII. Видеоролик «Достық туралы»

IX. Тренинг «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады»

Барлығыңыз орныңыздан тұрып, бір-біріңіздің қолыңыздан ұстап, қасыңдағы сыныптасыңа бірінші жаман қасиетің, екінші жақсы қасиетін айтыңыздар. «Сын түзелмей, мін түзелмейді», - демекші сынды ашуланбай қабылдаңыз да, болашақта кемшілікті жоюға тырысыңыздар. Сонымен қатар, «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын!»-деп халқымыз айтқандай, жақсы қасиетінде айтып, мадақтап қойыңыздар.

Рахмет, оқушылар! «Кемшіліксіз дос іздеген адам доссыз қалады». Сондықтан әрқашан кешірімді болыңыздар!

X. Жағдаяттан шығу.

Ортаға ойынға екі ер баланың және екі қыз баланың шығуын сұраймын. Үстел үстінде жатқан кеспе қағаздағы ситуациялық сұрақтардың жауабын табыңыздар.

1. Саған ата-анаң үй шаруасын орындау керектігін ескертіп, өздері жұмысқа кетіп қалды, кенеттен жан досың қоңырау шалып, оған бір топ балалар тиісіп жатқандығын айтып көмекке келуінді өтінеді. Бұл жағдайда не істер едің?

2. Көптен күткен әншінің концертіне бара жатырсың, қалтаңда билеттің құнына жететін 2000 теңге бар, жолдан құрбың кездесіп, тығыз ақша керек болып тұрғанын айтып, қарызға 1000 теңге беруін сұрады. Бұл жағдайдан қалай шығасың?

3. Екеуің жан доссыңдар, тағы бір досың бар. Сырткөзге қарағанда қызығарлықтай құрбысыңдар. Бірақта сен онымен көп жағдайда келіспей қаласың. Сен қай досты таңдар едің?

4. Сен математикадан есеп шығарып келдің, досың сенен көшіріп алды. Сенен кеткен қатені ол байқап, ол өзіне қатесіз жазды. Үй жұмысынан сен «4» деген баға, ал ол «5» деген баға алды. Сен бұл жағдайда досыңа не дейсің?

XI. «Шатаспақ» жаттығуы.

XII. Қорытынды:

Дос дегенің шар айна,
Сындырып алма абайла,
Сындырып алсан егер де,
Құрастыру оңай ма?

- Балалар, сондықтан достықты ешқашан сатуға, сындыруға болмайды, достықтарыңа берік болыңдар. Бір-бірімізге жылы тілектермен, мейірімді сөздермен осы достық гүлімізді сыйлайық.

XII. Қорытынды. Ролик дружба.

Оқушылардың мінез бітістерін анықтау

А. ШАДМАНОВА

Мақсаты: оқушылардың мінез-құлық туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері:

- мінездегі жетістіктер мен міндерді ажырата білуге үйрету;
- жақсы мінез қалыптастыруға ықпал ету;
- адамгершілікке тәрбиелеу.

Шаттық шеңбері.

Әңгімелесу. Адам өмірі – іс-әрекеттер тізбегінен, басқалардың әрекеттерін қабылдаудан және оларға деген түрлі көзқарастардан тұрады. Кез келген әрекетті дұрыс түсініп, қабылдай білу әркімнің қолынан келмейді. Алайда адамның өзін осы қабілетке баулып тәрбиелеуге мүмкіндігі мол.

«Ойланайық, пікірлесейік»

- Неліктен «Мінез – адамның көрсеткіші болады» деп ойлайсыз?
- Адамның жақсы мінезіне нелер жатады?
- Мінезі жаман адамда жақсы қасиет бола ма?
- Жаман мінезді қалай түзеуге болады?

Мәтінмен жұмыс. Абай Құнанбаевтың өлеңін оқу ұсынылады.

- Абай айтқан адам бойындағы міндердің бүгінгі көріністері қандай?
- Сіз өзіңіздің бойыңыздағы мініңіз туралы ойланып көрдіңіз бе?

Жаңа ақпарат.

Мінез – кісінің өзіндік бағыт бағдарының жан дүниесі ерекшеліктерінің бір сыдырғы тұрақталған, тұрлаулы белгісі. Мінез кісіні әр қырынан көрсетіп тұрады. Мінезде адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасының тарихы бейнеленеді. Мінез иманды, имансыз, тәрбиелі, тәрбиесіз, бірқалыпты, сабырлы болып түрлі сапаларға бөлінеді.

Тәрбиелі мінез – көпшіл, ізетшіл, адамға қамқор, жолдастықты қадір тұту, жұртшылық пікірмен санаса білушілік, өзінің міндетін орындаудағы жауапкершілік пен адалдық қасиеттерден тұрады.

Толық мінезді адам – рухани дүниесі бай, қажеттері мен қызығулары, талғамы мен ой-өрісі кең адамдар. Бірқалыпты мінезді адам құйындай ұйтқып тұрмайды, сөзі мен ісі бір.

Жақсы мінез, адал ниет, пейілінің кеңдігі мен ниеттің тазалығында екен.

Тапсырма: Өзіңнің қандай екеніңді білу үшін өзіңе сын көзқараспен қара. Мынадай сұрақтарға жауап бер дейді.

- Мінезіңнің күшті жақтары қандай?
- Мінезіңнің осал жақтары қандай?
- Басқаларды сен қалай қабылдайсың (жақсы ма, әлде жаман ба?)
- Туған-туыс, достарыңмен қарым-қатынасың қандай?

Тест. Өзіңізге мінездеме.

Нұсқау: Сізге 6 әріпке (АБВГДЕ) топтастырылған сұрақтар жиынтығы ұсынылады. Әр жиынтықта 5 сұрақтан берілген. Сұрақтарға «Иә» немесе «Жоқ» деп жауап беріңіз. Қандайда бір жиынтықта «Иә» жауабы көп болса, онда сол жиынтықтың әрпін аласыз, ал «жоқ» басым болса «О» әрпін аласыз.

1. Сіз қалжыңдаса білесіз бе?
2. Сенгішсіз және достарыңыздан еш нәрсе жасырмайсыз?
- А** 3. Бір сағаттан артық ешкіммен сөйлеспей отыра аласыз ба?
4. Өз заттарыңызды басқа біреуге оңай бере аласыз ба?
5. Сіздің достарыңыз көп пе?

1. Қонақтардың көңілін аулап еліктіре аласыз ба?
2. Нақтылық уақытымен жүру сіздің мінезіңізге тән бе?
- Б** 3. Сіз ақша жинақтайсыз ба?
4. Қатаң стильде киінгенді ұнатасыз ба?
5. Ішкі тәртіп ережелерін ұстануды қажет деп санайсыз ба?

1. Біреуге деген жағымсыз сезімдеріңізді елдің көзінше көрсетесіз бе?
2. Ұстамдысыз ба?
- В** 3. Ішкі қарама қайшылықтарыңыз күшті ме?
4. Көпшілік ортада көпшіліктің назарын өзіңізге аудара аласыз ба?
5. Сізге басқа біреулер еліктей ме?

1. Дөрекі сөздерді қолдана отырып, мұндайға таң қалатын адамдармен сөйлесе аласыз ба?

2. Емтихан алдында мен бәрін білем деп мақтана аласыз ба?
- Г** 3. Біреуге ескерту сізге тән қасиет пе?
4. Сіз достарыңызды таң қалдырғанды ұнатасыз ба?
5. Басқа адамдардың пікірін күлкі қылу ұнай ма?

1. Сіз үшін әртіс, тележүргізуші мамандықтары инженер, лаборант, библиограф мамандығына қарағанда ұнамдырақ па?

2. Танымайтын адамдардың ортасында өзіңізді еркін сезіне аласыз ба?

Д 3. Сіз үшін кешкісін спортпен айналысу үйде отырып кітап оқығаннан ұнамдырақ па?

4. Сіз сыр сақтай аласыз ба?

5. Мерекелік дастарханды ұнатасыз ба?

1. Демалыста көңіл көтеруге арнайы дайындаласыз ба?

2. Жазу жазғанда тыныс белгілерін ретімен қолданасыз ба?

Е 3. Сатып алған заттарыңыз бен шығындарыңызды есептейсіз бе?

4. Жинастырып, ретке келтіруді ұнатасыз ба?

5. Сізге сенімсіздік қасиет тән бе?

Кілті:

Сіз туралы басқа адамдардың ойы.

АОО – Сізді көбінесе сенімсіз адам деп санайды. Сіз көңілді әрі сөзшеңсіз. Сіз әрқашанда айтқандарыңыздың бәрін орындай бермейсіз. Достарыңыз сізді оңай көндіреді, сондықтан да сізді әсерге тез берілгіш деп санайды.

АОБ – Сіз ұяң емессіз, кейде адамдар сізді дөрекі деп ойлауы мүмкін. Сіз ерекше болуға ұмтыла отырып, басқаларға қайшы келесіз. Кейде кешегі айтқандарыңызды бүгін терістей отырып өз-өзіңізге қайшы келетін кездеріңіз болады. Сіз ұқыпсыз, мұңсыз жауапкершіліксіз адамсыз.

АБО – Сіз басқаларға ұнайсыз. Сіз ашықсыз, салмақтысыз, басқалардың пікірін сыйлайсыз сізді адамдар ешқашан қиындыққа қалдырмайды деп ойлайды.

АБВ – Сіз айналаңыздарға билік жүргізгенді ұнатасыз. Сондықтан да сізді дөрекі деп ойлайды, көпшілік адам сізден қашқақтайды.

ООО – Сіз ұстамды, тұйықсыз. Сіздің не ойлап тұрғаныңызды ешкім білмейді. Сізді көп адамдар түсіну қиын деп есептейді.

ООВ - Сіз әңгіме барысында екінші адамға сөйлеуге мұрсат бермейсіз. Сіз туралы «мінезі неткен жамаң, ұстамсыз» деп ойлайды.

ОБО – Сіз сияқты адамдар мектеп қабырғасында үлгілі жақсы бағалар алады, мұғалімдер оларды сыйлайды, ал жолдастарыңыз мақтаншақ деп ойлайды.

ОБВ – Сіз ұсақ-түйекке бола ренжіп ұрсысып қаласыз. Сізді бәрі ренжітеді деп ойлауыңыз мүмкін, Сізді өкпелегіш күдікшіл адам деп ойлайды.

Сіз шындығында қандайсыз?

ООО – Сіз жаңалыққа құштарсыз, қиялыңыз ұшқыр. Күнделікті күйбең сізді тез жалықтырады. Сіздің мінезіңізді шынайы білетіндер өте аз. Сізді ұстамды, жуас, өміріне көңілі тоқ адам деп санауы мүмкін, ал шындығында сіз қызықты оқиғаларға толы өмірді қалайсыз.

ООЕ – Сіз ұялшақ адамсыз: Бұл таныс емес адамдармен қарым-қатынас кезінде анық байқалады. Сіз отбасы мен жақын достарыңыздың арасында ғана өзіңізді еркін сезінесіз Бөтен адамдар қасында қысыласыз, бірақ мұны жасыруға тырысасыз. Сіз шыншыл және еңбекқорсыз. Сізде көптеген жақсы ойлар идеялар бар. Өзіңіздің қарапайымдылығыңыздан көбінесе көлеңкеде қаласыз.

ОДО – Сіз ашықсыз, адамдармен кездескенді ұнатасыз, оларды маңайыңызға жинайсыз. Жалғыздыққа жаныңыз қас. Бөлмеде жазу үшін де жалғыз қала алмайсыз. Сіз үнемі басқалар сияқты емес, өзгеше жасауға ұмтыласыз. Бірақ көбінесе өзіңізді ұстап қаласыз.

ОДЕ – Сіз ұстамдысыз, бірақ ұяң емессіз. Қарым-қатынаста өз орныңызды білесіз. Бәрімен сыпайы, кішіпейілсіз. Сіз жиі мақтау естіп үйренгенсіз. Қоғамсыз сіз өзіңізді жайсыз сезінесіз. Адамдарға жақсылық жасағанды ұнатасыз. Бірақ бос арманға берілгіштік бар.

ГОО – Сіз біржақты ойлар айтып, оны қызбалықпен қорғауға дайынсыз. Сондықтан да қарсылықтарыңыз көп, тіпті достарыңыздың өзі сізді түсіне бермейді. Бірақ сіз бұған онша мән бермейсіз.

ГОВ – Сіздің мінезіңіз қиын. Қалжыңды да түсіне бермейсіз. Басқа адамдардың әрекеттерін сынап, өзіңіздің айтқаныңызбен жүргізгіңіз келеді. Бағынбай жатса, ашуыңыз келеді. Сондықтан да достарыңыз аз.

ГДО – Сіз ерекше адамсыз және достарыңызды таң қалдырғанды ұнатасыз. Егер біреу кеңес берсе, сіз не болатынын көру үшін керісінше жасайсыз. Бұл сіз үшін қызық, ал басқаларды ашуландырады. Тек сіздің ең жақын достарыңыз өзімшіл емес екеніңізді біледі.

ГДЕ – Күш қуатыңыз мол, кез келген жерде өзіңізді еркін ұстайсыз. Достарыңыздың арасында басты рөлде болғанды қалайсыз. Түрлі ойындар ұйымдастырғанды ұнатасыз. Айналаңыздағы адамдар беделіңізді мойындайды, себебі сіздің ойларыңызда салмақтылық пен шындық бар.

Тапсырма. Дәптердегі «Мінезімнің жақсы жақтары және мінезімнің міндері» деген кестені толтырыңыз. Мінезіміздегі міндерімізді шардың ішіне үрлейміз де бойымыздан аластатамыз.

Қорытынды: кері байланыс қағазын толтырамыз.

Жоғары сынып оқушыларының мамандық таңдауына арналған жаттығулар

Т. САТЫМБЕКОВА

Мақсаты: оқушыларды мамандық таңдауға көмегі тиетін жаттығулармен таныстыру.

Міндеті:

- оқушыларға алдағы өмір талабына сай мамандық туралы ұғым беру
- мамандықты таңдай білуге тәрбиелеу арқылы көзқарастарын дамыту
- оқушыларды патриоттық сезімге бейімдеу

Құрал-жабдықтар: «Мамандықтардың жіктелуі» сызба-нұсқасы, карточкалар, музыкалық әуен;

Слайдтар: мамандықтар өмірбаяны, өмір картасы, мамандықтар картасы;

Қ. Жарықбаевтың, Р.С. Немовтың, В. Квименнің қанатты сөздері.

Техникалық құрал жабдықтар: интерактивті тақта, магнитафон.

Барысы:**Жаттығу №1: «Мамандықты таңдаудағы күш беретін өріс»**

Мақсаты: Мамандықты таңдауға әсер ететін әр түрлі факторларды (күштерді) талдап, әсер ету деңгейін анықтау.

Қажетті материал: «Мамандықты таңдау үшін не әсер етеді» тізімі, А4 форматты парақтар, стикер, фломастерлер.

Қатысушыларға нұсқау:

1. Қазір біз сіздің кәсіби өзін-өзі анықтауда ненің көмектесетінін, ненің кедергі болатынын талдаймыз. Бұл үшін үлестірмелі материалдардан «Мамандықты таңдауға не әсер етеді» тізімін табыңыз. Тізімді анықтап қарап шығыңыз және егер сіздің мамандықты таңдауда әсер ететін нәрселер бар деп есептесеңіз және оны жаңа пункттермен толықтырыңыз. Сонымен қатар, сіз бар пункттерді өзгерте аласыз, оны нақтылаңыз.

Мысалы: достарыңыздың біреуі жауапты шешім қабылдауға көмектеседі, ал кейбіреуі сізге оны қабылдауға кедергі болады.

2. Сіз өз бетіңізше мамандықты таңдау барысында позитивті рөлді өзгертетін факторларды «+» белгісімен белгілеуіңіз керек. Ал «-» белгісін негативті рөлдегі факторларды белгілеу үшін пайдаланыңыз. Кейбір күштер өз көрінулерінде сізге көмектесе алады, ал басқаларында кедергі болады, мұндай жағдайларда «+/-» белгісін көмекке алыңыз.

3. Енді сіз мамандықты таңдаудың күш беретін өрісінің суретін сала аласыз. Ортасына сопақ дененің суретін салып, ішіне «Менің таңдауым» деген сөздерін жазыңыз. Бағыттың көмегімен сіздің таңдауыңызға әсер ететін әр түрлі күштерді белгілеңіз. Төменгі жағынан оң күштер, ал теріс күштер жоғары жағынан әрекетке түседі. Бағыттардың көлемі (ұзындығы мен жуандығы) күштердің үдемелілігін көрсетеді, яғни сіз бағытты ұзынырақ және жуандау етіп салсаңыз, адамның әрекет күші анағұрлым көрінеді.

Жаттығу №2: «Ең-ең»

Мақсаты: Әлемдегі кәсіптік еңбектің бағдарламасын жетілдіру. (Әр кәсіптің, мамандықтың) өз мәртебесімен (абыройымен) ерекше болатынын сезіну.

Қатысушыларға нұсқау:

Мен сіздерге кейбір керемет мамандықтарға сипаттама ұсынамын.

Ал, сіздің ойыңызша осы сипаттауға көбірек сәйкес келеді деген мамандықты атайтын боласыз.

Мысалға «ең қаражатты мамандық», қандай мамандықтар көбіне ақшаны боп келеді.

Жаттығуды жүргізу және жүргізушіге ескертпе:

Жүргізуші керемет сипаттауларды атайды, қатысушылар өзіне көбірек сәйкес келетін мамандықтардың нұсқауын ұсынады.

Жүргізуші нұсқалардың 3-5 түрін «флип-чартқа» жазады, осыдан кейін кішкене пікір алмасу не талқылау бойынша және осы тізіммен, «ең-ең керек» деген мамандықтар бөлінеді.

Қатысушылардың ой-пікірімен ақылдаса келе баға субъективті қою (тең етіп).

Ойын жаттығуындағы басты элементтеріне талқылаулар жасау. Дискус-

сияда шартты түсіндіру кезіндеі жүргізуші сақ болу керек.

Ойынның қызықты өтуі үшін жүргізуші міндетті түрде алдын ала көбірек мамандықтың ерекше түрлерінің сипаттамасын таңдап алуы қажет. Көптеген ерекше мамандық сипаттаулар бірнеше мағынада болуы мүмкін. Сондықтан қосымша ой-пікір таласқа ынталандырады.

Мысалы, мынандай сипаттамалар болуы мүмкін.

Ең «жасыл» мамандық
Ең «тәтті» мамандық
Ең «шашты» мамандық
Ең «жағымсыз» мамандық
Ең «балалық» мамандық
Ең «күлкілі» мамандық
Ең «жабайы» мамандық
Ең «биік» мамандық
Ең «мерекелі» мамандық
Ең «ерлерше» мамандық
Ең «әйелдерше» мамандық
Ең «адами» мамандық.

Жаттығу №3: «Егер де ... мен болар едім».

Мақсаты: Қатысушылардың сезімталдықпен кәсіби өзін-өзі анықтауға қызығушылығын оятып, кәсіпті таңдауға әр түрлі жағдайлар мен ортаның әсерін зерттеу;

Керекті мағлұмат : әр қатысушыға А4 форматының парақтары, қарандаштар

және фломастерлер.

Қатысушыларға нұсқау №1: Сіз таңдаған кәсіпке назар салатын көптеген әр түрлі шарттар мен жағдайлар әсер етеді. Қане, осындай шарттар мен жағдайлардың тізімін жасайық. Сендер маған атайсыңдар, мен оны флип-чартқа жазамын. Бұл жағдайларға өздеріңізді қойып көріңіздер. Яғни, «Егер де менің...» сөзінен бастаңдар.

Мысалы: егер де менің ата-анам дәрігер болса, егер мен меңгеру аулында тұрсам, егер мен мектепті алтын медальмен бітірсем, егер мен қытай тілінде еркін сөйлесем және т.б. Басында әркім кем дегенде бір шарттан атау керек.

Жаттықтырушыға арналған ескертулер: қатысушылар айналдыра өздерінің шарттарын атап шығады, ал жаттықтырушы жазып алады. Егер қатысушылар жылдам болса, онда екі не үш айналым жасауға болады (ең белсенді қатысушыларды шаршағанға дейін). Бірақ айтылған жағдайлардың маңыздылығына көңіл бөліңіз, егер күндік болса қатысушылардан өзіңіз ұстанымын түсіндіріп өтініңіз (мыс: егер менің көздерім көк болса).

Қатысушыларға нұсқау №2: Енді құрастырылған тізімге қарап, кезегімен бір жағдайды таңдап алыңыз яғни мамандық таңдауға әсер ете алатындай қызықты болуы керек.

Ал, қазір біз жұпқа бөлініп, өз серігімізден осы жағдайда ол кім болғысы келетінін сұраймыз.

Сұрақтың нобайы мынадай:

Сен кім болар едің егер де..

«Өз жауаптары, әркім жеке парақтарға жазу керек.

Жаттықтырушыға арналған ескертулер (2)

Топ жұпқа бөлінгендей, үштікке де бөліне алады. Ең соңғы кезекті топтың қатысушылары бір-біріне айналым бойынша тапсырма береді (оң жақтағы көршісіне). Сұрақтар мен жауаптар жеке парақтарға мына нобай бойынша: «Егер де мен болсам...!» жазылады. Қатысушылар жұмысы мен жауаптарын қосуына болады. Әрі қарай қатысушылар қабырғадағы жазуларды парақтарына көшіріп алады.

Қорытындыларды талқылау:

Топтан «Осы жаттығудан кейін қандай шешімге келдіңіз?»

Сіз өз таңдауыңызға әсер ететін қандай жағдайды көріп тұрсыздар?!-деп сұрауға болады.

Жаттығу №3: «Мына әріпке мамандық»

Мақсат: жаттығу, мамандық туралы білімнің өзгешелігі, кәсіптік еңбек туралы

білімді өрістету.

Қатысушыларға нұсқау:

Қазір мен кез келген реттен қандай бір әріптерді айтамын. Сендердің тапсырмаларың осы әріптен басталатын көптеген мамандықтарды білетіндеріңді көрсету, яғни мамандық әлемімен қаншалықты таныс екендеріңді көрсету. Қолдарыңды көтеріп белгі бергенде мамандықты атаңдар. Кім айтылған әріпке ең соңғы болып мамандық атауын атайды, сол жеңеді.

Сабақ ережесі және жаттықтырушыға ескертулер:

Жаттықтырушы бірінші әріпті атайды, ал қатысушылар кезегімен мамандық атайды. Егер үзіліс бола қалса, жаттықтырушы аукциондағыдай санай бастайды.

Мысалы: «П» әрпі «Психолог бір, психолог үш, ХХХ жеңеді». Егер де түсініксіз бір мамандық атауы аталса, жүргізуші не жайында екенін түсіндіріп беруді өтінеді. Егер ойыншы түсіндіріп бере алмаса, ол атау саналмайды және ойын жалғасады. Сөйте тұра қатысушылардан арнайы мамандық атауларын талап етудің қажеті жоқ.

Мүмкін болса 5-7 әріпке дейін ұсынудың керегі жоқ, өйткені ойын қызықтырғыштың қасиетінен айырылады. Ойын әдісін өткізу барысында жай әріптерден басталған дұрыс (м, н, о) яғни мамандық атауларын оңай айтуға болатын әріптер, біртіндеп қиындау әріптерге көшкен дұрыс (ч, ц, я). 2-3 топқа бөлініп топтар арасында жарыстар өткізуге болады. Осындай әдіспен қай топтың жан жақты білімді екені анықталады.

Жаттығу №4: «Мамандықтар тізбегі»

Мақсат: Жаттығу әр түрлі еңбек қызметкерлерінің жалпылығын, ұқсастығын

көрсете білуді дамыту;

Қатысушыларға нұсқау:

Қазір біз «мамандықтар байланысын» шеңбер бойынша тұрғызамыз. Мен бірінші мамандықты атаймын, мыс: металлург, келесі осыған жақын бір мамандықты атайды, мыс: аспазшы. Келесі ойыншы аспазшыға жақын бір

мамандықты атайды т.с.с. Маңыздысы сол, әркім өзінің атаған мамандығының ұқсастығын түсіндіріп бере алуы керек.

Мысалы: металлург та, аспазшы да, оттың қасында жоғары температурада пештердің жанында жұмыс істейді.

Сабақ ережесі және жаттықтырушыға ескертулер;

Ойын барысында жаттықтырушы анықтау үшін мынадай сұрақтар қояды: «Бұл мамандықтың мына мамандықпен қандай ұқсастығы бар». Соңғы шешімді, яғни мамандықтың дұрыс, сәтті айтылған-айтылмағандығын топ өзі қабылдайды. Топ мамандықтар байланымын құрғаннан кейін, кішкене топтармен жұмыс жасауға болады (3-5 адам). Әр топқа әр түрлі екі мамандық атауын беріп, олардың арасындағы ұқсастығын анықтату тапсырмасын беру керек.

Мысалдар:

Жабайы аңдарды баптаушы – сүңгуір;

Тігінші – арышкер;

Шахтер – бала бақшаға тәрбиешісі;

Орман – бағдарламамен;

Шаштараз – әуе диспетчері.

Әр түрлі мамандықтар арасында ұқсастықты таба білу, бұл адамға мамандық таңдағанда белгілі бір еңбек мінездемесіне бейімделіп, өзіне таңдауға қатты шектеу жасағанда керек болуы мүмкін, өйткені дәл осындай мінездемелер басқа да көптеген мамандықтарда кездесуі мүмкін.

Қорытындыны талқылау:

Ойынды қорытындылай отырып, яғни әр түрлі мамандықтардың арасында да қызықты ұқсастықтар бар екендігіне қатысушылардың назарын аудару;

Мұндай мамандықтар арасындағы байланыстар тек бір ғана кәсіптік таңдаумен шектелмеу керектігін көрсетеді, өйткені сіздің бір мамандықтан іздегеніңіз басқа бір мамандықта да кездесуі мүмкін.

Жаттығу №5 «Мамандықты шеш»

Мақсат: Қатысушыларды мамандықты талдау сызбасымен таныстыру. (Е.А. Климовтың жасаған кеңейтілген және модификацияланған мамандық формуласы бойынша)

Кернекті материал: мамандық талдау кестесі.

Қатысушыға нұсқау:

1. Сіздер жұпқа бөлінулеріңіз керек
2. Өздеріңнің үлестірмелі материалдарыңдағы мамандықты талдау кестесін ашыңдар. (Керекті мамандықтар мінездемесінің тізімі). Бұл кестеден таксист мамандығын талдау мысалын көрсетіңіздер. Сендердің қандай сұрақтарың бар?

3. Енді әркім кез келген мамандықты жасырады және осыны оны талдау мінездемелер сызбасын өзінің кестесіндегі бос бағанаға көшіреді.

4. Кестені өзіңнің серігіңмен ауыстырып, қандай мамандық жасырылғанын табуға тырысыңыз әрі қаншалықты дұрыс тапқандарыңызды талқылаңдар.

Сабақ ережесі және жаттықтырушыға ескертулер: Топтағы қатысу-

шыларға өздерінің мамандықтарын жасыруын өтінбес бұрын, жаттықтырушы қатысушылардың мамандықты талдау сызбасын үйренгендігіне көз жеткізуі керек.

Қатысушылардан қосымша өздеріне ұнаған мамандықтар мінездемесін бөлек көшіріп, содан кейін осыған сәйкес келетін 3-5 мамандықты жазуларын өткізуге болады.

Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамыту жолдары

Г. ТОКСАНОВА

Мақсаты: Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамыту, олардың бойына абстракциялық ойлау операцияларын қалыптастыру және тиімді жолдарын үйрету.

Міндеттері:

- Қатысушылар бір-бірі туралы барынша көп ақпарат білуі тиіс;
- Әрбір қатысушы өзін бір үлкен топтың бөлшегі ретінде сезінуі үшін топ ішінде жағымды атмосфера құру;
- Бірлесіп жұмыс жасауда жалпы бағыттарының бір екендіктері туралы түсінік беру.

Қажетті құралдар: фломастер, карандаш, магнит, желім, қайшы, ватман, түрлі-түсті топырақтар, тіс щеткалары, қыл қаламдары, түрлі-түсті бояулары, сауалнама бланкілері.

Психологиялық дайындық.

Мақсаты: оқушылардың зейіндерін сабаққа аудару.

Тренинг бағдарламасы:

1. **Амандасу жаттығуы.** «Көңілді амандасу»;
2. **Топқа бөліну.** Сабақты өткізу барысы: Оқушыларды үш топқа бөліп отырғызамын. Әр топ өзіне жұмбақты шешу арқылы ат қояды;
3. **Логикалық ойындар;**
4. **Күрделі логикалық есептер.** «Шыбын» әдісі, «Қадам жасау» әдісі;
5. **Шығармашылық тапсырма;**
6. **Логикалық тапсырмалар;**
7. **Логикалық жаттығулар;**
8. **Логикалық санамақтар;**
9. **Логикалық әзіл-сұрақтар;**
10. **Рефлексия (кері байланыс).**

Психолог сөзі: Құрметті әріптестер, қош келдіңіздер! Бүгін 3-сынып оқушыларына тренинг-сабақ өткіземін. Оқушылар сіздердің көңіл-күйлеріңізді көтеруге, өз бойларыңыздағы қабілеттеріңізді бағалай білуге, сыйластық

қарым-қатынас орнатуға шақырамын. Әрбір адам қабілетті, дарынды, тек сол бір қабілеттерді ашу тек өз қолымызда екенін ұмтпайық. Ендеше бүгінгі тренингіміз «Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамыту жолдары» деп аталады. Бұл тренинг-сабақ оқушылардың логикалық ойлауын дамытуға мүмкіндік береді. Логикалық ойлау оқушының шығармашылық қиялын жан-жақты дамытады. Ендеше көңіл-күйлеріңіз қалай? Логикалық ойлауға арналған тапсырмаларды шешу үшін, біз «Білімділер шаһарына» серуенге шығамыз. Алдымыздан кезіккен кедергілерді жеңу үшін бірілген түрлі тапсырмаларды орындауымыз керек. Ал, оқушылар тапсырмаларды орындауға дайынсыздар ма?

Тренинг ережесі:

Өз ойын ашық айту;
Өзгелердің пікірін құрметтеу;
Белсенді әрекет ету;
Шынайылық;
Топтасып жұмыс жасау.

2. Топқа бөліну. Оқушыларды үш топқа бөліп отырғызамын. Әр топ өзіне жұмбақты шешу арқылы ат қояды.


1. Жұмбақ жасыру:
Атына сай балалар,
Үш бұрыш үш жағы бар!
Ол пішінді кім табар? (Үшбұрыш)
 2. Допқа өзі ұқсайтың,
Ерекше бір пішін бар.
Атын оның атаңдар. (Дөңгелек)
 3. Төрт бұрышы бар,
Төрт қабырғасы бар,
Бұл қай пішін? (Төртбұрыш)
- 1-топ; 2-топ; 3-топ.




Құрметті: оқушылар! Бүгін сабағымызда білімділер шаһарына жол тартпақпыз. Бірақ, ол білім шаһарына жету үшін көптеген кедергілерді жеңіп, логикалық тапсырмаларды орындауымыз керек. Қане, бастаймыз!

4. Логикалық ойындар

1-тапсырма: Бөлмедегі 8 орындықты төрт қабырғасында 3 орындықтан болатындай етіп орналастыру керек.



2-тапсырма: 1-ден 9-ға дейінгі сандарды дөңгелектерге орналастыр. Сонда түзу бойында орналасқан үш санның қосындысы 15-ке тең болсын.



3-тапсырма: Бес жұлдызды қол алмай салу керек.



5. Күрделі логикалық есептер.

«Шыбын» әдісі.

Мақсаты: Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау деңгейін дамыту.

$$98:2 = 49 \quad 15 \cdot 7 = 105 \quad 255-25 = 230$$

$$45:5 = 9 \quad 75:3 = 25$$

«Қадам жасау» әдісі.

Мақсаты: Көбейту әдістерін тез ойға түсіріп, ұзақ есте сақтауын дамыту.

Кім тапқыр? 1. Үстел үстінде 3 қияр, 2 сәбіз және 5 апельсин тұрған.



Үстел үстіндегі барлық көкөністер қанша? (Шешуі: 5 көкөніс, апельсин жеміске жатады) - 2 сынып.

Қашан теңеседі?

Бір ананың үш қызы болады. Шешесі 42 жасқа келгенде, үлкен қызы 19-ға, ортаншысы 11-ге, ал сүт кенжесі 2 жасқа толады. Қанша жылдан кейін анасы мен үш қызының қосынды жасы теңеседі? Ойланып көр (5)

Жауабы: Алдымен үш қызымен шешесінің жас айырмасын табу керек. Ол 10 жас. Бір жылда шешесінің жасы 1-ге, үш қызынікі 3-ке артады. Олай болса 3-тен 1-ді шегеру керек. 2 саны шығады. Ол 10 айырмаға сай келеді, яғни 1 санына 5 жас сәйкес. Демек, бес жылдан кейін шешесі мен үш қызының жасы бірдей болады.

Торда қанша құс?

Торда 12 құс отыр. Оның 11-нен басқасы ұшып кетті? Торда қанша құс қалды?

Жауабы: 12 құс. (Тордан ұша алмайды)

Шахмат ойыны

2 адам шахматты 2 сағатта ойнаса, 1 адам неше сағат ойнайды?

Жауабы: 2 сағат ойнайды.

Әке мен бала

Әкесі 34 жаста, баласы 11 жаста. Неше жылдан кейін әкесінің жасы баласының жасынан 2 есе артық болады? Теңдеу арқылы шеш.

Жауабы:

$$34+x=$$

$$34+x=22+2x$$

$$-2x+x=22-34$$

$$-1x=12$$

$$x=12/1$$

$$x=12$$

Тапқыр тұтқын.

Бір патша тұтқынға түскен дұшпан әскеріне былай дейді: «Маған бірдеңе айт, егер айтқан сөзің өтірік болса алып өлтірткіземін, егер шын болса дарға асып өлтіртемін». сонда әлгі тұтқын бір нәрсе айтып, аман қалыпты. Тұтқын не айтты екен?

Жауабы: «Мені атып өлтірткізесің» депті. Егер оны атып өлтірсе, шындықты айтқан болатындықтан асып өлтірілуі қажет болады. Егер оны асып өлтіртсе өтірік айтқан болып, атып өлтірілуді қажет етер еді.

Жаңғақтар

Мұраттың 7, Мақсаттың 8 алмасы бар, ал Асанның алмасы жоқ. Алмаларды үшеуі бес бестен теңдей қылып бөліп жейді. Кейін Асан үйінен 30 жаңғақ алып келеді. Мұрат пен Мақсатқа берген алмаларының мөлшеріне тең келетіндей етіп бөлістіріп береді. Екеуіне қанша қаншадан түседі?

Жауабы: Мұратқа 12 жаңғақ, Мақсатқа 18 жаңғақ беріледі.

Жылқы

Барлық жылқының үштен бірі және екеуі бөлініп алынды. Бұдан соң қалған жылқының жартысы айдалып кетті. Сонда өрісте 9 жылқы қалды. Басында неше жылқы болды?

Жауабы: 30 жылқы

Қанша жаста?

Серік әкесінің бүгінгі жасына жеткен кезде, қарындасының жасы қазіргі жасынан 2 есе үлкейеді. Ал қарындасы әкесінің бүгінгі жасына жеткенде, Серіктің жасы бүгінгі жасынан 2 есе үлкейеді. Үшеуінің жастарының қосындысы 100 болса, әр бірінің жасы қаншада?

Жауабы: Серік пен қарындасы 25 жаста, әкелері 50 жаста.

Солтүстік полюстен оңтүстік полюске қарай жердің ортасынан өтетін бір тунел қазылды деп елестетейік. Осындай шұңқырға құлаған жағдайда соңы не болады?

Жауабы: Солтүстік полюстен құлаған кезде

№5. Шығармашылық тапсырма

1. Геометриялық фигуралардан белгілі бір суреттерді құрастыру. Әр

топқа қиылған геометриялық фигураларды беремін. Оқушылар топпен ақылдаса отырып өздері сурет құрастырады. Құрастырған суретінен неше ұшбұрыш, төртбұрыш, шаршы бар екендігін анықтап, олардың қасиеттеріне тоқталып өтеді.

2. «Ертегі» ойдан құрып, жалғастыру.



№6 «Логикалық тапсырмалар»

Тренинг сабақтың мақсаты:

Білімділік: Оқушыларға логикалық тапсырмалар беру арқылы терең ойлануға, есептер шығаруға үйрету;

Дамытушылық: Оқушылардың логикалық және ойлау қабілеттерін дамыту;

Тәрбиелілік: Сауаттылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: ашық тренинг-сабақ.

Сабақтың әдісі: тірек сызбамен жұмыс, сұрақ-жауап, есептер шығару.

Сабақтың көрнекілігі: суреттер, кестелер, плакаттар, т.б.

Сабақтың барысы:

1. **Ұйымдастыру кезеңі:** Оқушыларды түгелдеу. Құрал-жабдықтарын дайындап, психологиялық дайындық жасау.

Логикалық тапсырмалар:

1. Айдынның Асқардан бойы ұзын, бірақ Жанаттан кіші. Кім ұзын? **Шешімі: Жанат ұзын.**

2. Термометр аяз болғасын – үш градус көрсетіп тұр. Осындай екі термометр неше градус көрсетеді? **Жауабы: үш.**

3. Бөлмедегі әр бұрышта бір мысықтан және оған қарама-қарсы үш мысықтан отырса, бөлмеде неше мысық бар? **Жауабы: 4 мысық.**

4. Үстел үстінде үш стакан шие тұр. Марат бір стакан шиені жеп қойды. Неше стакан қалды? **Жауабы: үш стакан.**

5. Жүгіру жарысынан Әсет, Марат, Талғат үш орынды алды, егер: Марат екінші орын алмаса, ал Әсет – үшінші орын алмаса, кім қандай орын алды? **Жауабы: 1-Марат, 2-Әсет, 3-Талғат.**

6. Көшеде екі әкесі, екі баласы,және атасы немересімен қызырып жүр. Көшеде неше адам жүр. **Жауабы: үшеу.**

3-тапсырма. Түлкі мен қасқыр тегін балыққа тап болады. Қасқыр айтады. «Мен математикаға нашармын, балықты сен бөл» дейді түлкіге. Сонда түлкі саған біреу, маған екеу, саған үшеу, маған төртеу, т.с.с. Ең соңында жиырма балықты өзіне салады. Кім көп алды және қаншаға артық алды?

4-тапсырма. Шал балықтарды көп аулап әндетіп келе жатса, жолдан бір түлкі сұлап жатады, шал қуанып түлкіні шанаға салып алады. Ал түлкі жолда 1 минутта 1 балық, 2 минутта 2 балық, т.с.с. бір лақтырғанда алдыңғы лақтырғаннан 2 есе артық лақтыра береді. 7 минутта барлығы неше балық лақтырған?

5-тапсырма. Дөңгелекті үш түзумен ең көп дегенде неше бөлікке бөлуге болатынын табыңыз. (7)

№7. Логикалық жаттығулар.

1-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті қазақ тіліне тән дыбысты қой.

Б...теу, о...ушы, ...ліпби, жа....сы, аты-ж...ні, үнд..., ...депті, да...ғыл, а...ылды, с...йлем, қа....аз.

2-жаттығу. Орны ауысқан сөздерден сөйлем құрап жаз.

1. Айжан, бара жатты, Мәрия, мен, фермаға. 2. Олардың, ұша жөнелді, бір, үйрек, алдынан. 3. Ұшқан, жерге, олар, үйрек, келді. 4. Ұйда, жатыр, жеті, жұмыртқа. 5. олар, алмады, жұмыртқаны.

3-жаттығу. Құрамында сан көлтірілген, сөз бен жаз.

К + 2 + лік, 7 + к, тү + 1, к + 3 + ік, жел + 90, 6 + бақан, 8 + аяқ, 9 + құмалақ, сі + 1, 2 + бастұз, 7 + ген.

№ 8. Логикалық санамақтар

1. Мамам, папам екеуі,

Үш ұл, тоғыз немере.

Неше шеге жетеді

Киім ілсек шегеге? (14)

2. Шөбі шалғын еңісте,

Жайылып жүр өрісте-

Әңгі есек-жеке,

Екі лақ,

Үш бота,

Төрт құлын,

Бес қозы,

Бұзау-алты,

Барлығы қанша жалпы? (Барлығы 21)

3. Қанша бала?

Бір топ бала тоғаннан,

Он бес балық ұстадық.

Бөліскенде, олардан,

Тиді әркімге үш балық.

Айтыңдаршы, ал өнді,

Бала саны қанша еді? (5 бала)

4. Ақ қалпақ, көк қалпақ!

Барлығы - алты қалпақ.

Ақ қалпақ бесеу болды,

Көк қалпақ нешеу болды? (1)

5. Алдында үш балапан,

Артында үш балапан.

Ақ тауық пен балапан,

Айтшы саның, балақан? (8)

6. Көлден ұшты жеті қаз,

Қайтып қонды екі қаз.

Қонбады оның нешеуі,

Кәне, кім тез шешеді? (5)

№9. Логикалық әзіл-сұрақтар

Логикалық әзіл-сұрақтар

1. Біздікі болғанымен басқалар қолданатын нәрсе? (Есіміміз)

2. Бір кісі найзағай жарқылдаған сайын шашын тарайды екен, неге? (Фототаға түсіп жатырмын деп ойлайды екен)

3. Қай айда 28 күн бар? (Барлық айда)

4. Бірінші төрт аяқты, кейін екі аяқты, одан кейін үш аяқты ол не? (Адам)

5. Лимонның жартысы неге ұқсайды? (Екінші жартысына)

6. Король кімнің алдында тәжін шешеді? (Шаштараздың)

7. Суды елекпен қалай тасуға болады? (Мұз қылып қатырып)

8. Құлақ не үшін керек? (Көзілдірікті ұстап тұру үшін)

9. Қатты жылдамдықпен келе жатқан жүк машинасы бір қолымен кім тоқтата алады? (Жол полициясы)

10. Еліміздегі ең үлкен ағаш қайда өседі? (Ұзынағашта)

11. Бір үйде елу батыр, үй сыртына сүйкенсе өліп жатыр? (Сіріңке)

12. Үйдің ең суық жері? (Сырты)

13. Машинаның қай дөңгелегі айналмайды? (Запастағы дөңгелек)

14. Елімізде талдармен жасалған қорған қай қалада? (Талдықорғанда)

15. Жүзе алмайтын адам суға түссе қалай шығады? (Үсті су болып шығады)

10. Рефлексия (кері байланыс)

Психологтың қорытынды сөзі: Құрметті әріптестер, бүгін бастауыш сынып оқушыларының өз бойындағы шығармашылық логикалық қабілеттерін бағалай білуге, өз-өзіңізге құрметпен қарауға, бір-бірімізбен сыйлас-тық қарым-қатынаста болуға арналған «Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамыту жолдары» тренингі оқушыларға жақсы психологиялық ахуал сипады деп ойлаймын. Бастауыш сыныптарда логикалық есептерін шығару кезінде оқушылардың есептерді талдай білу іскерліктерін қалыптастыру оқушылардың ойлау әрекетін дамытуға ықпал етеді.

Оқушының логикалық ойлау қабілетін дамыту – кешенді жұмыс. Ол оқу-тәрбие процесінің барлық бағыттарында іске асырылады.

Оқушының логикалық ойлау қабілетін дамыту, есеп шығарумен ұштас-тыру – математиканы оқытудың ажырамас бөлігі, себебі есеп шығару мате-матикалық ұғымдарды қалыптастырып байытуға, оқушылардың мате-матикалық ойлауын өрістетуге, білімдерін тәжірибеде қолдануға, табандылық, ізденушілік, еңбек сүйгіштік қасиеттерін тәрбиелеуге жол ашады.

Сонымен, бастауыш мектеп оқушыларының логикалық ойлау тәсілде-рін дамытудың қысқаша сипаты осындай. Ал, оларды тереңдеп, зерделеп зерттеу келер күндердің міндеті.

Авторлар туралы мәлімет Сведения об авторах

БЕРИККЫЗЫ Айым – магистрант Академии «Кайнар», город Алматы.

ДОСЫМАНОВА Ж.К. – воспитатель Областного Дома Юношества г. Костанай. Костанайская область.

ЕРМЕКБАЕВА Данагүл Адильбнковна – МҚКК «Жұлдыз» балабақшасының тәрбиешісі. Целиноград ауданы, Ақмола облысы.

КАЙНАЗАРОВА Ұлбала – №202 мектеп-гимназиясының педагог-психологы. Әуезов ауданы, Алматы қаласы.

ЛЕПЕСОВА Аийда Адилжанқызы – №1 жалпы орта білім беретін мектебінің педагог-психологы. Ақсай қаласы, Бөрлі ауданы, Батыс Қазақстан облысы.

САТЫМБЕКОВА Талжібек – №29 орта мектептің педагог-психологы. Астана қаласы.

СИЗОНЕНКО Ольга Анатольевна – педагог-психолог КГУ «Общеобразовательная школа с. Свободное по Есильскому району управления образования Акмолинской области». Есильский район, Акмолинская область.

СТАМБЕКОВА Жазира Құрманғалиқызы – Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университетінің педагогика және психология факультетінің магистранты. Алматы қаласы.

ТОКСАНОВА Гүлмира Мурзатаевна – Д. Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясы психологы. Орал қаласы, Батыс Қазақстан облысы.

ТҰРАБАЙҚЫЗЫ Айгүл – Ж. Сәрсенов атындағы орта мектебінің педагог-психологы. Әйтеке би ауданы, Ақтөбе облысы.

ШАДМАНОВА Анар Құмарқызы – Бостандық орта жалпы білім беретін мектебінің психологы. Казталов ауданы, Батыс Қазақстан облысы.